

**Қамқоршылық кеңесі отырысы
№1 хаттамасы**

Өткізілген уақыты: 16.09.2022 ж.

Өткізілген орны: «Аққу» бөбекжай» КМҚК

Отырыстың басталуы: 13.30 сағ.

Отырыстың аяқталуы: 14.30 сағ.

Қатысқандар: 10 адам

Күн тәртібі:

1. 2022/2023 оқу жылына қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын талқылау, бекіту.
ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілген 27.06 2017ж. № 355.
Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың ережесімен таныстыру.
2. Балабақшаны күзгі-қысқы кезеңге дайындау.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, бөбекжай директор м.а. З.К.Саттарова балабақшада ұйымдастырылып жатқан Қамқоршылық кеңесінің жұмыс мазмұнымен таныстырды.

Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілетінін айтып өтті.

Балабақшадағы құрылған Қамқоршылық кеңесінің мүшелігіне

1. Скендинова Гулсая Жуматовна - кеңес мүшесі
2. Медеубаев Саяхат - кеңес мүшесі
3. Жырғауқызы Мөлдір - кеңес мүшесі
4. Ермекбаев Тоймурат - кеңес мүшесі
5. Туребеков Жандарбек - кеңес мүшесі
6. Мухит Маржан - кеңес мүшесі
7. Сәрсембеков Хибатулла Мирзанович - кеңес төрағасы
8. Амирбекова Динара Молдакаримовна - кеңес мүшесі
9. Мухидинова Назира - кеңес мүшесі

барлығы тоғыз адам өзгеріссіз кеңес мүшесінде қалуға келісім беріп отырғанын айтты.

Қамқоршылық кеңесінің жұмыс ережесі талқыланды. Директор м.а. З.К.Саттарова

қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарына балабақшадағы мемлекеттік қызмет

көрсетуді (балаларды балабақшаға қабылдау), тамақтануды ұйымдастыру, балабақшадағы білім беру қызметінің сапасы сияқты мәселелерді қоюға болатыны жайлы ұсыныс айтты.

Қамқоршылық кеңес мүшелері жұмыс жоспарының жобасын талқылап, өз ойларын ортаға салды. 2022 жылдың қыркүйек айынан 2023 жылдың тамыз айына дейін бес отырыс өткізіледі деп шешті. Келесі отырыста мектепке дейінгі білім беру мекемесінің қызметін жетілдіру бойынша мәселелерді талқылау, 2022/2023 оқу жылының қыс мерзімдерінде жұмысқа дайындық туралы мәселелері қаралатын болса, одан кейінгі отырыстарда тамақтануды ұйымдастыруды бақылау, балабақшада жүргізілетін науқастанудың алдын алу және сауықтыру шаралары бойынша жұмыстармен танысу, бала құқығының қорғалу жағдайы бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен танысу, түзете-дамыту жұмыстарының барысы, жазғы сауықтыру мезгіліндегі шынықтыру шараларымен танысу, жазғы сауықтыру мезгіліндегі іс шараларды бірлесе өткізуді жоспарлау, қамқоршылық кеңесінің атқарған жұмыстары жайлы есеп беру сияқты мәселелер қарастырылатын болды.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері осы мәселелер бойынша жұмыс жоспарының бекітілуіне келісті.

Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша директор м.а. З.Саттарова сөз сөйледі. Балабақшаны күзгі-қысқы кезеңге дайындау мектепке дейінгі ұйымның әкімшілік-шаруашылық бөлімі қызметкерлерінің жұмысының маңызды бөлігі болып саналады. Жылыту маусымы басталар алдында жауапты адамдар жоспарланған шараларды тексеріп, өткізіп, қажет болған жағдайда жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы төтенше немесе қалыпты емес жағдай қаупін азайтуға көмектеседі. МДҰ-ның күзгі-қысқы кезеңге дайындығын бақылаудың, дайындықты бағалауға қажетті өлшемшарттарды анықтау мен құқықтық ресімдеудің тиімділігін арттыру мақсатында, Күзгі-қысқы кезеңге дайындық кезінде балалардың МДҰ-да қауіпсіз жағдайда болуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарланып және өткізілді. Күзгі-қысқы маусымға дайындық – әкімшілік-шаруашылық жұмысындағы ең маңызды да қауырт кезең. Барлық қажетті жоспарлы-алдын алу іс-шаралары мен жөндеу жұмыстары мерзімінде аяқталуға тиіс.

Балабақшаны қысқа дайындау балабақшаны қысқа дайындау әр оқу жылына арналған іс-шаралар жоспарына негізделуі керек. Жоспарда барлық дайындық тармақтары, жұмыс уақыты, қажетті материалдың мөлшері, сонымен қатар жұмысқа жауапты адамдар көрсетілуі керек. Бөбекжайда терезе жақтаулары бекітілген, яғни барлық жерде пластикалық терезелер қойылған. Топтық бөлмелердегі жылу радиаторларға су төгетін крандар орнатылған. Бөбекжайдың күзгі-қысқы маусымға дайын екендігіне бірауыздан қолдады.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегідей шешім қабылданды:

1. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілсін.
2. Балабақшаны күзгі-қысқы кезеңге дайындығы жалғастырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:
Хатшы:

С.М. Сәрсембеков
Г.Ж. Скендирова

Х. М.Сәрсембеков
Г.Ж.Скендирова